



№6 (180), 2023
(Маусым-Июнь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

**Г. АБИЛБАКИЕВА, А. НҰСҚАҚБАЙҚЫЗЫ,
А. РАМАЗАНОВА, А. ЖУМАБАЕВА**

Орта топ балаларының еңбек дағдыларын дамыту
жолдары 3

Д. ПШАН

Әлеуметтік желінің бала өміріне зияны мен пайдалы
тұстары 6

С. НАЗАРОВА

Мектепке дейінгі ұйымдарда ерте кәсіптік бағдар
беру жұмысы 10

Г. МАНАБАЕВА

Психикалық дамуында тежелуі бар балалармен
педагог- психологтың түзету әрекеті 14

А. АЛПИЕВА

Білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге
асыру 16

Г. ТОКСАНОВА

Эмоционалды жанудың алдын алу 20

Л. БАЯНОВА

Эмоционалдық жайлылық білім беру ортасы
қауіпсіздігінің компоненті ретінде 26

Ж. ДОСЫМАНОВА

Взаимопомощь и выход из сложных ситуаций 31

О. СИЗОНЕНКО

Психологические особенности «трудных» детей 36

М. ЖУМАБАЕВА

Ата-аналармен өткізілетін дөңгелек үстел 40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

М. АХМЕТОВА

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

29. 06. 2023 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print
House GERONA>>

типографиясында
басылды.

Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

М. Ахметова – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф.
(Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор
(Узбекистан, Ташкентский филиал
МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н.,
доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф.
(Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф.
(Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Ұ. Төлешова – п.ғ.к.
(Алматы, ҚазҰПУ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог
(Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
М. АХМЕТОВА

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от
20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 29. 06. 2023 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймукулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Орта топ балаларының еңбек дағдыларын дамыту жолдары

**Г.Т. АБИЛБАКИЕВА,
А. НҰСҚАҚБАЙҚЫЗЫ,
А. РАМАЗАНОВА,
А. ЖУМАБАЕВА**

Мектепке дейінгі жасқа – 3-5 жастағы балалар жатады. Ортаңғы топқа 3 жастағы балалар кіреді. Осы жастан бастап балаларды еңбекке баулудың маңызы ерекше. Баланы еңбекке тәрбиелеу отбасынан басталып, балабақшада, мектепте еңбектің қарапайым міндеттері жайлы түсінік қалыптасады. Отбасындағы еңбек тәрбиесі баланың болашақтағы өмірлік қызметін айқындауға көмек береді. Отбасы баланы еңбек сүйгіштікке, жасына сай еңбек түрлеріне, қоғамдық-пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Еңбек адамның психикасы мен адамгершілік түсініктерін қалыптастыратын құрал болып табылады. Еңбек тәрбиесінің міндеттері – қызмет көрсету білігі мен дағдыларын қалыптастыру, айналасындағы жақын адамдарына қамқорлық жасай білу, қарапайым еңбек амалдарын орындай алу, бірігіп еңбек ету білігі, басқалардың еңбегіне оң эмоционалдық көзқараспен қарау, кәсіби еңбек мамандықтары туралы білімді меңгеру. Еңбек тәрбиесінің теориясын жасауда басты рөл атқарған К.Д.Ушинский болды. Ол өзінің еңбегінде адамның жан-жақты дамуы үшін еңбектің маңызының зор екендігін көрсетті. К.Д. Ушинский өзінің «Еңбектің психикалық және тәрбиелік мәні» деген мақаласында – еңбексүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді. К.Д. Ушинский баланың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысушылыққа және қандай істе болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға тәрбиелеуді ұсынды. Ал «Балалар әлемі», «Ана тілі» оқулықтарында осы тәрбие жөнінен балаларға арнап сан алуан материалдар жазды. Я.А. Коменский «Ағайынды чехтарды» тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан еңбекке және жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берді. Француздың ұлы ағартушысы Ж.Ж. Руссо да бала тәрбиесінің көзі еңбекте, сондықтан баланы жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді отбасында еңбекке үйретуден бастау керек дейді. Еңбекке баулуда бала күнделікті өмірге қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеріп қана қоймай, еңбек баланың ақыл-ойының дамуына әсер ететіндей, бастаған ісін соңына дейін аяқтауына, оның әсем

де әдемі болуына назар аударту көзделеді. Балабақшада еңбек тәбиесінің алғашқы бастамасы қалыптасады.

Еңбек тәрбиесі – балаларға еңбек және кәсіп туралы білімдерін кеңейтіп, еңбек дағдыларын дамыту, өзі-өзіне қызмет көрсету, бірлескен іс-әрекет жасауға үйрету. Еңбек тәрбиесінің үш функциясы бар:

- еңбек саласында тәжірибелік дағдыларды меңгеру;
- еңбек әрекеті арқылы интеллектуалды, физикалық, эмоционалдық, еріктік, әлеуметтік дамыту;
- балалардың еңбекқорлық, тәрбиелік, өзара әрекеттесушілік, бастамашылдық, ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыру.

Еңбек тәрбиесін теориялық тұрғыдан шетелдік ғалымдар Н.К. Крупская, А. С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, Р.С. Буре, В.К. Котырло, Я.З. Неверович, Д.В. Сергеева және т.б. қарастырған. Л. Толстой «Адамды адам еткен еңбек» десе, П. Чехов «Егер сіздің уақытыңыз аз болса, онда ештеңе істемеңіз» дейді. П.П. Блонский «Еңбек тәрбиесі дегеніміз – баланы жүйелі түрде ұйымдастырылған пайдалы іс-әрекеттермен айналыстыру», - деген болса, Ж.Ж. Руссо «еңбек тәрбиесі еркін жүргізілу керек» деген пікір айтады. Абай Құнанбаев «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген. «Адамды адам еткен – еңбек» болғандықтан, еңбек тәрбиесі – адамның адамгершілік қасиеттерін дамытып, ақыл-ойын қалыптастырады.

Отандық ғалымдар балаларды еңбекке тәрбиелеуге байланысты зерттеу жұмыстары К. Ақышев, Қ. Шалғынбаева, С. Жиенбаева, М. Бұлақбаева, К. Дүйсенбаев, С. Жолдасбеков және т.б. ғалымдар қарастырған болатын. Психолог Т. Тәжібаев «еңбек әрекетінде адам жұмыс орының, құрал, аспаптарын таза ұстауға, жұмыс орындарын сапалы орындауға, уақытты үнемдеп пайдалануға дағдыланып, жалпы еңбек мәдениетін жоғарлатады, өзінің білім дәрежесіне, жеке басының қасиеттеріне сәйкес ептілік жүйелерін меңгеріп, нақтылы еңбектің шеберлігін игереді. Еңбек тәрбиесі, әлеуметтік еңбек тәжірибесі адамның еңбекке қатынасын дамытады», – деп еңбек іс-әрекеті адамның тәжірибе жинап, өмірлік дағдыларын қалыптастыру, еңбек мәдениетін тәрбиелеудегі маңызына тоқталды. Еңбек тәрбиесінің таптық, тарихи мәні антогонистік таптардың еңбекті қанаудың құралы еткендігін, қаналушы таптың еңбекті күнкөріс үшін еріксіз еңбек етсе де, жас ұрпақты еңбекке баули білгендігін көрсетеді. Өркениетті қоғамда еңбек тәрбиесі кәсіпкерлікке, ғылыми прогреске, қоғамдық саяси ақуалға сәйкес жүргізіледі. Демократиялық қоғамда еңбек тәрбиесі еңбек арқылы елге пайда келтіріп, қоғамға қызмет етуді уағыздайды.

Қазақ халық педагогикасында еңбек тәрбиесі ерекше орын алады. Тәй-тәй басып, әрекет жолына түсе бастаған бөбектен бастап еңбек тәрбиесі еңбексүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбекке дағдыландыру-

ға үйретеді. Еңбек тәрбиесі баланы еркін әрекет жасауға ойын арқылы үйретеді. Балабақшада еңбек тәрбиесі баланың жас ерекшеліктеріне байланысты өзіне-өзі қызмет ету, әртүрлі еңбек ойындарын ойнап, жаттығу барысында жан-жақты жүргізіледі. «Үй жиһаздау», «Құрылыс», «Көше тәртібі» т.б. ойындарда ұлттық дәстүрлер мен рәсімдер пайдаланылады (мысалы, үй жиһаздауда «қыз бөлмесі», «ұлдың жарақтары», құрылыс ойынында «киіз үй», «қазіргі көп қабатты үй», «көше тәртібі» және т.б. ойындар арқылы қалыптасады. Баланы еңбекке баулитын еңбектің түрлері:

1. *Күнкөріс еңбек* – жеке тұлғаның күнделікті әрекеті;
2. *Міндетті еңбек* – ұжым мен қоғамның бір мүшесі ретінде жеке тұлғаның міндетті түрде орындайтын еңбегі;
3. *Қажетті еңбек* – өмір қажеттілігінен туындаған, тіршілікті тірек қылатын әрекет;
4. *Өнімді еңбек* – ақылы, ынталандыратын, кәсіпке сәйкес, жеке тұлғаларға лайықты еңбек. Осының бәрі – еңбек тәрбиесінің тірек-блоктары болып табылады.

Жеке тұлғаның еңбекке қатысын көрсететін еңбек түрлері:

1. *Құлдық еңбек* – еріксіз, шектеусіз, тәуелді еңбек;
2. *Жалдамалы еңбек* – күнкөріс еңбегі;
3. *Жеке еңбек* – әрбір жеке тұлғаның өз іс-әрекеті;
4. *Ұжымдық еңбек* – ұжым арқылы атқарылатын қызметті еңбек. Еңбек арқылы еңбекке бейімдеу, еңбекті бағалау, еңбек адамының іс-әрекетін бағдарлау арқылы еңбек тәрбиесі жан-жақты жүргізіледі. («Еңбегім өнсің десек, ретін тап», «еңбексіз өнбек жоқ», «еңбекті бағалау – әдептілік», т.б.).

Еңбек тәрбиесі арқылы жеке тұлғаның еңбекке әзірлігі қалыптасып, ықыласы, қызығуы, талабы, талғамы, кәсіпке бейімділігі артады. Онда еңбекті бағалау, еңбек адамын құрметтеу сезімдері пайда болады. «Еңбек ет те, міндет ет», «еңбек ер атандырады», «еңбек етпегеннің ерні жібімейді» деп мақалдаған халық «Ғажайып бақ», «Ұшқыш кілем» сияқты ертегілері арқылы ондағы еңбек адамдарын ұрпағына үлгі-өнеге етіп көрсетеді, жас ұрпақты еңбекті сүйіп, еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелейді. 2-3 жастағы баланың өздігінен тамағын ішіп-жеуі, ойыншығын, киімін жинауының өзі олар үшін үлкен еңбек. Баланың өз-өзіне қызмет қыла білуінің өзі еңбекке жатады.

Еңбекке баулу арқылы баланың есте сақтау, көру, сезіну қабілеттері арта түседі. Мысалы: Шұлығын, қолғабын, бас киімін, көйлегін киетін кезде оны қай жерге киетінін, ойлау, көру, есте сақтау қабілеттері арқылы жасалады. Баланың әр жасаған еңбегін, қылығын мақтап отыру қажет.

Е.И. Тихееваның мектеп жасына дейінгі тәрбиеде ойынның еңбегінің маңыздылығын айта келе «*Ойын – еңбек, еңбек – ойын*» формуласына

негізделу керек дейді. Психологтар баланы 3 жасынан бастап еңбек етуге үйрету керек дейді. Мысалы: дастарғанға ыдыстарды қою, қасықтарды тасу, шамасына қарай заттарды апарып қою және т.б. іс-әрекеттерді үйрету арқылы біз балаларды еңбекке тәрбиелейміз. Әрі баланың дене бітімінің, икемділігі мен ептілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Баланың іс-әрекетке ынтасы артқан сайын еңбекке қызығушылығы арта түседі. Балалардың еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуге үйрету. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету керек. Сонымен қатар үлкендердің көмегімен жаз айларында даладағы гүлдерді суару, ағаштарға су құю, түптерін қопсыту, сыпыру, қоқыстарды жинауға үйрету балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру қажет. Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге, балаларды бастаған жұмысын аяқтауға үйрету маңызды. Баланың жасы өскен сайын оның істейтін жұмысы да көбейе түседі. Жұмысты талғамай, бәрін де істеп үйренгені жөн.

Әдебиеттер:

1. Есқалиева С. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі – Астана: Фолиант, 2014, – 192 б.
2. Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасы: Оқу құралы. – Алматы: 2014, - 336 б.

Әлеуметтік желінің бала өміріне зияны мен пайдалы тұстары

Д. ПШАН

XXI ғасырдың басында компьютер, әр түрлі ұялы байланыс құралдары, ғаламтор және әлеуметтік желілер адамның өмірі мен кәсіби қызметінің маңызды факторларына айналды. Қазіргі уақытта қоршаған әлем кеңінен таралған «цифрлық технологиялар» әсерінен түбегейлі өзгеріске ұшырады, олар қажетті және маңызды байланыс құралы болды, онсыз қоғамның және білім беру саласының қызметін елестету мүмкін емес.

Қазіргі педагогикада цифрлық буынның тұлғалық сферасын қалыптастыру ерекшеліктеріне үлкен көңіл бөлінеді. Цифрлық буын өкілдері деп XX ғасыр-

дың аяғы – ХХІ ғасырдың басында туылған Интернеттің қарқынды дамуы жағдайында тәрбиеленген адамдар аталады.

Цифрлық ортаның дамуы дәуірінде жаңа буын дүниеге келуімен түсіндіріледі, бұл феноменді бүкіл әлем психологтары мен педагогтары зерттейтін болады. Бұл құбылыстың атауы – «сандық буын» немесе «ұрпақ Z». 2017-2020 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында цифрлық жүйе арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыру, жастардың бәсекелестік, экономикалық, кәсіби білім алу қабілетін дамыту, Z – ұрпақ қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Цифрлық ортаның дамуы дәуірінде жаңа буын дүниеге келуімен түсіндіріледі, бұл феноменді бүкіл әлем психологтары мен педагогтары «сандық буын» немесе «Z ұрпақ» деп атады. «Z ұрпақтар», «цифрлық буын», «желілік ұрпақ», «цифрлық тумалар» («digital natives») – бұл тіркестер бүгінде күнделікті өмірде цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. Z ұрпағын әлеуметтанулық, педагогикалық және психологиялық жағынан шетелдік ғалымдар А. Антипова, М.Р. Мирошкин, В.И. Пищик, Е. Шамис, Г.У. Солдатова, Т.А. Нестик, Е.И. Рассказова, Е.Ю. Зотова және т.б. қарастырса, отандық ғалымдардан А.К. Мынбаева, А.А. Булатбаева, Б.А. Аринова қарастырған.

«Цифрлық буын» («ұрпақ Z») ұғымы, әрине, 1990 жылдары шетелдік әлеуметтік ғылымдарда қарқынды дами бастаған ұрпақтар теориясына жүгінеді. Ұрпақтар теориясының қазіргі нұсқасының негізін қалаушылар – Нил Хов және Уильям Страусс деп есептеледі. Олар 1991 жылы «Ұрпақтар: американдық болашақтың тарихы» атты кітабында негізінде өздерінің және өзге зерттеушілердің еңбектерінен құралған ұрпақ тұжырымдамасы идеясын ұсынды. Шетелдік модельдерде «Z» ұрпағына 2000 жылдардың басында туылған адамдарды жатқызады, дегенмен кейбір зерттеушілер бастау нүктесін интернеттің пайда болуымен байланыстыра отырып, сандық ұрпақтың хронологиялық бастауын 1991 жылдан есептейді.

1990 және 2000 жылдар аралығында туылған Y буыны смартфонға бас бармақпен теретін хабарламалардың көптігі себебінен жиі «бармақ ұрпағы» деп аталады. Цифрлық өмірдің құрамдас бөліктері қазіргі бала үшін іс-әрекеттің және қарым-қатынастың маңызды құралына айналса, бұл әрекеттің мәдени-тарихи теориясына сәйкес жоғары психикалық функцияларды: назар, қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, сонымен қатар ішкі психикалық функцияларды дамытуда ішкі үрдістер арқылы көрінуі керек, адамның жеке басының құрылымы, оның құндылықтары, мотивациясы, мінез-құлықтың моральдық нормаларында байқалуы қажет.

«Сандық ұрпақ» мәселелерін заманауи психологиялық-педагогикалық зерттеулерді шартты түрде үш үлкен топқа бөлуге болады: нормативті, позитивті және рефлексивті.

Бірінші топқа «жақсы-жаман», «пайдалы-зиян» және т.б. санаттардағы балалар мен жастардың әлеуметтену процестерін цифрландыру үрдісін бағалайтын зерттеулер кіреді. Мұнда біз цифрландыру процестеріне қатысты

зерттеушілердің екі негізгі ұстанымдарын байқаймыз: «антагонистер» және «протагонисттер».

Антагонистер цифрландырудың жағымсыз әсерлеріне назар аударады. Мұнда әсіресе, балалар мен жасөспірімдердің цифрлық тәуелділік құбылысын зерттеу тобы ерекше көзге түседі. Бұл топ цифрлық буынды білімге деген жалпы қызығушылықтың төмендеуі (кем дегенде оның формальды бөлігінде), жүйелі ойлаудың төмендеуі («клиптік ойлау» деп аталатын құбылыс) және т.б. мысалдары ретінде цифрландырудың жағымсыз салдарларына назар аударады.

«Протагонисттер» цифрландырудың жас ұрпақтың дамуына тигізетін оң әсерін атап өтеді: «цифрлық сауаттылықтың» жоғары деңгейі және қазіргі әлемге бейімделу, ақпарат, шығармашылық және өзін-өзі көрсету үшін көбірек мүмкіндіктер, төменгі географиялық, ұлтаралық және этникааралық кедергілер, үлкен төзімділік, қабілеттілік деп аталатын көп мағыналы ойлауға және т.б.

Екінші топқа жас ұрпақтардың белсенділігі мен қарым-қатынас процестерін цифрландыру құбылысына байланысты қазіргі балалар мен жастардың дамуындағы белгілі бір «объективті» тәуелділікті іздеуге шоғырлануға бағытталған зерттеулер кіреді. Мұнда зерттеудің бірнеше бағыттарын бөлуге болады. Сандық сауаттылықты зерттеу (digital literacy).

«Цифрлық сауаттылық» ұғымы әртүрлі адамдар немесе адамдар тобы, соның ішінде ұрпақтар сандық технологиялардың даму деңгейіндегі айырмашылық туралы идеяны қамтиды.

Сандық ұрпақ дегеніміз – компьютерлер, ұялы телефондар, бейнекамералар және видео ойындар әлемінде өскендер. Z ұрпағы әлеуметтік желілер арқылы тез арада қабылдануға және мақұлдануға ұмтылады.

Виртуалды әлемде бала тәрбиелеу – аса күрделі, ұзаққа созылатын үдеріс. Бір анығы, өз баласымен виртуалды тақырыпта сөйлесуі үшін әр ата-ана баланың желідегі қызығушылығын түсінуі тиіс. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі баланың өзі жазуды, сызуды білмесе де, компьютерді жақсы біледі.

Интернетте көп отыру баланың агрессиясын тудырады. Бала көп жағдайда көргенін істейді. Сол себепті баланың көзінше отбасында ата-аналар телефонмен шұқшиып отырмай, баламен әңгімелесіп, бірге ойнау қажет. Көп жағдайда ата-аналар телефондарын балаларға ойыншық, тыныштандырушы құрал ретінде беріп қояды. Ол дұрыс емес. Мектеп жасына дейінгі балалары бар отбасы мүшелері телефонды көп ұстамауға тырысуы керек. Ата-аналар ойлап көріңіздерші үйде балаңыз сізді телефонмен көбірек көре ме, кітаппен көп көре ме? Біз ата-аналар жиналысында осы сауалды қойып пікірталас ұйымдастырдық. Осы сауалды балаларға да қойдық. Шынымен көбіне үйде балалар ата-аналарын тек телефонмен көретіндігін айтты. Бала ата-анаға қарап өседі, іс-әрекетін қайталайды, үлгі ретінде қарайды. Виртуалды әлемнің тәуелділігінен баланы құтқару үшін ата-аналарға келесідей ұсыныстарды ұсынамыз:

- Күнде баламен жеке сөйлесуге уақыт бөліңіз;
- Жас мөлшері әр түрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіңіз;
- Бала компьютер тұрған бөлмеде жатпауы керек және оның түнде компьютер алдында отырмауын қадағалау;
- Баланы компьютер, ұялы телефонды, т.б. пайдаланудан шектеу;
- Тиімді демалысын қамтамасыз ету;
- Қызығушылығын басқа іс-әрекетке ауыстыру;
- Баланың спортпен айналысуын қадағалау;
- Балаға көп көңіл бөліңіз;
- Баланы бақылау, тексеру, бағалау.

Жапон балабақшаларының ережелері бойынша тәрбиеші әр бала туралы (көбінесе баланың ұйқысы мен тәбеті жайында) есепті күнделікті дайындауы қажет. Бұл жазбалар ата-аналарына беріледі. Ал ата-аналар балалар үйде өзін қалай сезінгені туралы жазбаларын тәрбиешілерге беріп отырады. Кей жағдайларда тәрбиешілер баланың өзін ұстау жағдайы туралы ақыл-кеңестерін де жазып жібереді. Бұл жүйенің мақсаты ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы коммуникативтік байланысты нығайту ғана емес, баланы үйде де балабақшада жүйелі түрде қадағалау. Дәл шынықтыру күні, еңбекке алғыс айту күні барлығын балабақша мен отбасы сабақтастығы негізінде жүргізіледі.

Мектеп жасына толғанда өзін-өзі бағалайды және өзін-өзі сынай алады. Балада ерікті іс-қимылдың элементтері бар: бала мақсат қоюға, шешім қабылдауға, іс-қимыл жоспарын құруға, оны орындауға, кедергіні жеңу жағдайында күш-жігер жұмсауға, әрекетінің нәтижесін бағалауға, өз шешімдерін қабылдауға қабілетті, өзіне сенімді болады. Мектеп жасына дейінгі бала әлемді өз түсінігіне қарай қабылдайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік желіге уақытпен ғана отырғызу керек. Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы бір іс-әрекеттер екінші іс-әрекетке қызықтыру, ауыстыру мектеп жасындағы балаларға қарағанда жеңіл болады. Сондықтан да балаларды жаңа әрекеттерге қызықтыра отырып, әлеуметтік желілерге қызығушылығын төмендетіп отыруымыз қажет. Баламен бірге ойнау, әңгімелесу, түсіндіру, үйрету әрекеттері үздіксіз балабақша мен отбасында іске асырылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. - Алматы, Альманах, 2018. – 269 б.;
2. Әлем халықтарының дәстүрлі бала тәрбиесі (Салыстырмалы топология): монография/ К.С. Матыжанов, А.Б. Айтбаева, Г.Р. Даутова, А.К. Исламбек, Ж. Әбдіқадырқызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. - 334 б.;
3. Антон Платов. Дети, Сеть и родители. Мир компьютеров. №3. – 2004;
4. Төлешова Ұ.Б., Аувакир Б. Баламен ойна... бізбен әлем өзгеше: оқу-әдістемелік құрал // – Алматы: Қазақ университеті. 2022. – 144 б.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ерте кәсіптік бағдар беру жұмысы

С. НАЗАРОВА

Қазақстанда мектепке дейінгі білім беру ұйымдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Әлеуметтік өмірдің өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделе алатын баланың кемел тұлғасын қалыптастыру басты міндеттердің бірі. Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуы өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі балабақша қабырғасында басталатыны сөзсіз. Мектепке жасына дейінгі ерте кәсіби бағытты анықтау баланың әлеуметтенуінің жеке бағыттарын құру, оның білім берудің келесі кезеңдерінде дамитын әлеуетті қабілеттері мен бейімділіктерін ашу үшін қажет.

Кәсіби бағдар дегеніміз – балалардың қызығушылығы мен икемділігіне қарай мамандық түрлері мен атқаратын іс-әрекеті туралы түсінік қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда ұйымдас-тырылған іс-әрекет барысында ойын технологиялары арқылы кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізу қазіргі таңның басты мәселелерінің бірі болып отыр.

Ойын – баланың өз ынтасынан туған белсенді шығармашылық сипаттағы және жоғары эмоционалдық толыққандылығымен ерекшеленетін еркін, өзіндік іс-әрекет. Ойынның мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекеті ретінде өзінің ерекшеліктері болады. Ойын әрекетінің шығармашылық сипаты – ойын ынтамен, баланың рөлді, сюжетті, ойыншықтарды, қосымша заттарды таңдағандағы шығармашылығымен байланысты. Ойынды құрғанда, ойын кейіпкерлерін жасағанда баланың ойлауы мен қиялы белсенді жұмыс істейді. Адам табиғатпен өзара іс-әрекет барысында болып қана қоймайды, оны бірте-бірте өзінің рухани және материалдық мәдениетінің ажырағысыз құрамы етеді. Дегенмен де сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін дамытуы үшін қажетті алғышарттардың бірі болып тұр. Демек іс-әрекет тұтас үдеріс қарым-қатынас жасаумен байланыста және болашақ ұрпаққа бағытталған әлеуметтік сабақтас белсенді құбылыс болып табылады. Тұлғалардың іс-әрекеті әрдайым бұрын жасалған дәлелді алғышарттар және қоғамдық қарым-қатынастардың негізінде іске асып отырады. Сондықтан да ол нақты тарихи сипатта, нақ сол әлеуметтік шын-дықтың өмір сүру тәсілі болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды кәсіптік бағдарлау – бұл психология мен педагогикадағы жаңа, әрі аз зерттелген бағыт. Кәсіби бағдар беру жұмысы әр адамның жеке ерекшеліктерін, қызығушы-

лықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған іс-шаралар жүйесі, оған өзінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мамандықты дұрыс таңдауға көмектеседі. Бұл тек мектеп түлектеріне ғана қатысты емес. Үш жасар бала өзін тұлға ретінде көрсете бастайды. Ол белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілікті, бейімділікті, белгілі бір қажеттіліктерді көрсетеді. Баланың балалық шақтағы психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін біле отырып, оның белгілі бір қызмет түріндегі жеке өсуін болжауға болады. Педагог баланың таңдауын кеңейте алады, оған белгілі бір салада көбірек ақпарат пен білім бере алады. Кәсіптік бағдарлау бойынша сабақтастық шеңберінде мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесіндегі, бастапқы буын болып табылады. Мектепке дейінгі ұйым – мамандықтар туралы негізгі білімді қалыптастырудың бірінші кезеңі. Балабақшада балалар әртүрлі және кең мамандықтармен танысады. Болашақ мамандықты таңдауға баланы ұқыпты дайындау керек. Ол ата-анасының немесе ата-әжесінің кім екенін білуі керек, әртүрлі кәсіптердің ерекшеліктерімен, адамға қойылатын талаптармен таныстыруы керек, сондай-ақ ол өскенде кім болғысы келетінін білуі керек. Бала ақпаратты неғұрлым көп сіңірсе және ол неғұрлым алуан түрлі және бай болса, болашақта оның өмірін анықтайтын шешуші таңдау жасау оңайырақ болады. Баланы болашақ мамандықты таңдауға дайындаудың ерте басталуы, ата-анасының пікірінше, балаға кім болу керектігін таңу емес (мысалы, көптеген адамдар осы салада жұмыс істейді), бірақ баланы болашақта өз бетінше таңдауын жеңілдету үшін әртүрлі еңбек түрлерімен таныстыру қажет. Оның шығармашылықта, спортта, техникада және т.б. балалық шағында әртүрлі дағдыларға ие болған сайын, ол өзінің мүмкіндіктерін ересек жаста жақсы біледі және бағалайды. Балалардың дамуына ойластырылған басшылық болмаған жағдайда, тіпті алты жасар балалардың да ересектердің жұмысы туралы білім деңгейі бірінші деңгейден жоғары болмауы мүмкін, ал педагогикалық жұмыстың ғылыми негізделген құрылысында үш жасар балалар бірінші деңгейден асып түседі, төрт жасар балалар екінші деңгейге жетеді, бес жасар балалар үшінші деңгейден асып түседі, ал алты жасар балалар төртінші деңгейге жақындайды. Баланы еңбекке тәрбиелеу отбасынан басталады. Отбасындағы еңбек тәрбиесі баланың болашақтағы өмірлік қызметін айқындауға көмек береді. Отбасы баланы еңбек сүйгіштікке, жасына сай еңбек түрлеріне, қоғамдық-пайдалы еңбекке баулуды іске асыру қажет. Еңбек адамның психикасы мен адамгершілік түсініктерін қалыптастыратын құрал болып табылады.

Я.А. Коменский *«Ағайынды чехтарды»* тәрбиелеудегі халықтық дәстүрдің жақсы нәтижелеріне сүйене отырып, баланы жастайынан еңбекке және жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсетіп берді. Адамның адам болып қалыптасуының құралы еңбек. Еңбектің

нәтижесі әрбір адамға, оның еңбекке саналы, шығармашылық көзқарасына байланысты. Бүгінгі таңдағы қоғам қажеттілігі – жас ұрпақтың бойында еңбекке ынталандыруды тәрбиелеу, болашақ еңбек жолын дұрыс таңдауға баулу. Баланың жеке басының еңбекке бейім болып өсуі оны еңбек тәрбиесіне баулуға тікелей байланысты.

А.С. Макаренконың «Ұстаздық дастан» еңбегіндегі жас ұрпақты өнімді еңбекке араластыра отырып, еңбекке тәрбиелеу оларды өмірлік тәжірибеге даярлау» дейді. А.С. Макаренко ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында айырмашылық жоқ, өйткені қандай да еңбек ойсыз өзінен-өзі келетін еңбек емес, ең алдымен ақылға қонымды шығармашылық еңбек болуға тиіс. А.С. Макаренко өз шәкірттерімен әңгімесінде еңбек рухани және материалдық қазынаны молайтушы сондықтанда ол адамгершілік принциптеріне айналған деп ескертіп отырады. Тәрбиеленушілер өнімді еңбек арқылы бір-бірімен тығыз байланыста даму мен кемелденудің жолы. Балалардың еңбегі көбіне ұжымдық түрде бірлесіп атқарылған еңбек қана адамның рухани өсуіне ықпал етеді. Тек қоғамдық пайдалы еңбек қана олардағы қабілет пен талаптарды толық жан-жақты дамытуға септігін тигізеді - дейді.

К.Д. Ушинский еңбек тәрбиесі – өмір кілті, бақыттың тұтқасы. «Еңбексіз адам өзінің бар адамдық қасиетінен және барлық құнынан айырылады. Адам өзінің жеке еңбегінсіз бір адым да алға ілгерілей алмайды; бір жерге тұрақтап тұрып қалуға да тиісті емес; ол адам қайта кері кетеді» - дейді.

Н.К. Крупская еңбек етуге әдеттену – бұл жай ғана еңбекке үйрену емес, бұл адамгершілікті тәрбиенің жоғары деңгейі, еңбек процесіне құштарлық, еңбек етуге әзірлік, жұмысты істей білу, - дейді. Абайдың педагогикалық мұрасының негізгі тақырыбының бірі – жалпы халықты, әсіресе, жастарды еңбекке баулу мәселесі. Ақын өлеңдері мен «Қара сөздерінде» еңбектің рөліне ерекше тоқталады. Еңбексіз адамның аянышты халін тайға таңба басқандай етіп көрсетті. Ең бастысы адамдағы барлық жарамсыз қасиет, яғни адамның рухани күйреуі еңбексіздіктен шығатынын танытты. Еңбектен қол үзген адамды жалқау деп атаған. Ыбырай Алтынсарин Еңбек етсең ғана көздеген мақсатыңа жетесің. Өмірдің ащысы мен тұщысын еңбек еткен адам ғана біледі.

Чехия, Венгрияда, Болгарияда, Германияда балалар еңбекке ерте араласады, олар ата-аналарымен бірге мемлекеттен жалға алған жеке қожалықтарда жұмыс істейді, ол шаруашылықтар бай және жұмыс қолына өте зәру болады. Балалар сөз жүзінде емес, іс жүзінде ерте жастан еңбек етуге тартылады.

А.Д. Сазанов: «Жанұяда дұрыс еңбек тәрбиесін алған бала болашақта өзінің арнайы дайындығын да үлкен жетістікпен әкетеді. Ал жанұясында ешбір еңбек тәрбиесін алмаған бала болашақта еш ква-

лификация ала алмайды, еңбек жолында жолы болмайды, олардан нашар жұмысшы кадрлар шығады», - деп жазады. Ол ата-аналардың назарын еңбекке баулу, қоғамға пайдалылығымен қатар адамдардың жеке өміріне де әсер ететіндігіне аударған. Отбасында еңбек тәрбиесі бала қаз-қаз басып жүре бастағанда ақ өз нышандарын көрсетеді. «Тұсау кесер» жырымен еліктіріп, «Қаз-қаз балам, қаз, балам!» - деп оған тұңғыш еңбек қиындықтарын жеңуге үйретеміз. Жас сәби қолына зат ұстауды үйреніп, өзі тамақтануға құштарланады, сол кезде оның игілікті еңбегін байыпты бас ұрып, затты оң қолмен ұстауға, тазалық сақтап тамақтана білуге үйретеміз. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбекке деген оң көзқарастарын ойдағыдай қалыптастыру бағыттары:

- Ересектердің айналысатын еңбек түрлерімен таныстыру;
- Еңбек туралы қоғамдық маңызды ақпараттармен ақпараттандыру;
- Балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай еңбек түрлерін ұйымдастыру.

Балалардың еңбек қызметі туралы білімдерін дамыту тәсілдері екіге бөлінеді:

Бірінші – әр түрлі мамандардың еңбек іс-әрекеттері туралы балаларға арналған кітапшалардағы әңгімелерді оқу, әрбір мекемелерге саяхат жасау;

Екінші – балалар мен ересектер арасында біріккен іс-әрекеттер ұйымдастыру арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Ересектердің күнделікті іс-әрекеттері арқылы балалардың еңбекке деген көзқарастары қалыптасады. Еңбек арқылы еңбекке бейімдеу, еңбекті бағалау, еңбек адамының іс-әрекетін бағдарлау арқылы еңбек тәрбиесі жан-жақты жүргізіледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жиенбаева С.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. – Алматы, Альманах, 2018. - 269 б.
2. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. – Алматы, Жоғары оқу орындарының қауылдастығы, 2012. - 220 б.
3. Урунтаева Г.А. Дошкольная психология: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений - 5-е изд., стереотип. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. - 336 с.
4. Тарабарина, Т.И. Трудовое воспитание дошкольников в детском доме: учебное пособие для вузов / Т.И. Тарабарина. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ, 2002. – 84 с.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалармен педагог- психологтың түзету әрекеті

Г. МАНАБАЕВА

Елімізде болып жатқан түрлі әлеуметтік мәселелері: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар әсерінен психикалық дамуында тежелуі бар әр түрлі жастағы балалар жылдан-жылға көбеюде. Мектепте мұндай балалардың болуы педагог-психологтың түзету жұмыстарын жүйелі жүргізуін қажет етеді. Л.С. Выготский: «Бала бойындағы кемістікті оларға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі жүргізу арқылы әлеуметтік жолмен толықтыруға болады» деген сөздері соның айғағы. Психолог ретінде міндетіміз – даму мүмкіндігі шектеулі балаларға, ата-аналарға түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру.

Психикалық дамуы тежелген баланың білімді меңгеру дағдысы толықтай сақталып, деңгейлері өз құрдастарынан 2-4 жылға артта қалып отыруымен ерекшеленеді. Оның негізгі себептері олардың басынан өткерген аурулары, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы, тағы басқа себептерден болуы мүмкін. Психиатр, невропатологтар зерттеулері бойынша психикалық дамуының тежелуі балада малярия, тұмау, сары ауру, іштегі улану сияқты аурулардан кейін пайда болатынын көрсеткен. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары – интеллектуалды даму деңгейі, таным процестерінің зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы, қабылдауы, оқу үлгерімінің төмендеуінен көрінеді.

Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ, анық белгілері 2-3 сыныптарда белгілі болады. Олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктері:

- есте сақтауы баяулайды;
- сабақ процесіне жай қосылады;
- оқу материалын баяу қабылдайды немесе мүлдем қабылдамайды;
- берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- оқуы мен жазуы жай;
- оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;
- есептер шығарған кезде қателер жібереді;
- тез шаршағыш;
- сыныптастарымен аз араласады;
- өз ойын анық айта алмайды.

Психикалық дамуының тежелуі бар балалар көбіне олигофрения балаларға ұқсайды. Бірақ, егер де оқу процесі, әдістемелік нұсқаулары дұрыс

ұйымдастырылған болса, 1-3 жылда өз құрдастарының білім дағдысын қуып жетуге болады. Бұл туралы Л.С. Выготскийдің: «Кемтар бала қалыпты баланың деңгейіне жету үшін қазіргі ерекше құралдарды қолданған жөн» деген сөзі дәлел. Сондықтан психолог түзету жұмыстарын жүргізгенде психикалық дамуы тежелген және ақыл-ой кемтарлығына шалдыққан оқушылардың зейіні мен еске сақтауын, кеңістіктік елестетуін, қисынды ойлауын дамытуға арналған түзету жұмыстарын жүргізуі керек.

Сондықтан барлық танымдық психикалық үрдістер қабылдау, ойлау, есте сақтау «таза» күйінде болмайтындығын, өзінше тұтас бір жүйені білдіретіндігін, соның негізінде кешенді түрде дамитындығын есте сақтаған абзал. Мысалы, «графикалық сынақхат» жаттығуын кеңістіктік-бағдарлық тапсырмаларға жатқызуға болады, және ол зейіннің, есте сақтаудың, өзін-өзі бақылаудың, қолдың ұсақ моторикасы қызметінің дамуына ықпал етеді.

Оқушылардың ойлауын төмендегідей тапсырмалар беріп дамытуға болады.

«Анаграмманы шеш!» жаттығуы.

Сөздегі әріптердің орны ауыстырылады. Жеңілінен бастауға болады. Арнайы ТДО сыныбы оқушыларына тапсырма жеңілдетіп беріледі. Мысалы, жемістер, көкөністер, т.б. тақырыппен беріледі.

«Сөз ойла, тез ойла!» жаттығуы.

Бес дыбыстан құралатын, үшінші әрпі «Л» болатын, Не? Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді ойлауға тапсырма беріледі. Ортасындағы әріптерді өзгерте беруге болады.

		Л		
--	--	---	--	--

Мысалы торкөздерді мынадай сөздермен толтырады: талап, құлаң, шалап, жолақ, халат, далап, құлын, келін, жалын, тулақ, салақ, рулоң, кулоң, балақ, талақ, сылақ, салық, талма, жұлын, галош, салым, қалам, ғалам, ғалым, ғылым, қалқа, қалта, салат, долма, малта, шелек, сулық, белок, тұлып, желім, залым, т.б.

Оқушылар сөздерді ойламаған жағдайда жоғарыдағыдай сөздер құрауға болатыны айтылып, әр сөздің мағынасы түсіндіріледі.

«Көріп есте сақтау» жаттығуы

Мақсаты: көру есін дамытуға бағытталған.

Баланың алдына таяқшалар ұсынылады. Бұл таяқшалардан қандай да қарапайым денелер (үй, шаршы, үшбұрыш) жасауға болады. Бала назарын осы денелерге аударып, кейін құрастырылған денелерді жауып қойып, еске түсіруін сұраймыз. Бұл жаттығуды күрделендіруге болады (түрлі-түсті таяқшаларды қолдану арқылы). Бала түс бойынша таяқшалардың орналасу ретін еске сақтап, өз еркімен құрастыра алуы керек. Келесі нұсқа: құрастырылған дене таяқшаларын санау арқылы баланың көру есі ғана емес, санау іскерлігі де жетіледі.

Ойын: «Жазылмай қалған сөздерді орнына қой».

Мақсаты: еске сақтау ауқымын кеңейту.

Мысалы: қант, оқ, жәшік, балық, би, алмұрт. Кейін қатардан бір сөз алынып, сөздер қатары оқылады. Балалар қатардан түсірілген сөзді тауып айтуы керек және реттік санын сақтауы керек. 3 рет қатардан басқа сөз алынып тасталады. Ал 4 рет қатардағы барлық сөздер алынып қалады.

«Уақыт өлшемін қабылдау» жаттығуы.

Оқушыларға аптаның жеті күні жазылған парақтардың орындарын ауыстырып береді. Оқушылар рет-ретімен қоюы керек. (Бүгін сенбі, оқушы сенбіден бастап, күндерді рет-ретімен қойып шығады).

1 – дүйсенбі;

5 – жұма;

2 – сейсенбі;

6 – сенбі;

3 – сәрсенбі;

7 – жексенбі;

4 – бейсенбі.

Жатқа айтқызып, аптаның аттарын есте сақтауға үйрету.

Психикалық дамуы тежелген балалар әр уақытта нәтижеге жетуі үшін әр баланың физиологиялық, психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, психолог, логопед, дефектолог және ата-ана тығыз байланыста болып, түзету жұмыстары тиімді жүргізілген жағдайда жұмысымыз нәтижелі болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндіктеріне қарай дамыту, оларға сеніммен қарап, жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеп, оқытудың тиімді тәсілдерін пайдалана отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру-басты міндетіміз.

Білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру

А. АЛПИЕВА

Елімізде жаңартылған білім беру жүйесі – өскелең жас ұрпақтың дені сау, білімді, тәрбиелі болып өсуін қамтамасыз етеді. Өсіп келе жатқан кішкентай балалардың дұрыс дамуына, қатарынан кем қалмай қалыптасуына ерекше мән беріліп отыр. Қазіргі таңда балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үдерісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру жүйесі болып отыр. Инклюзивтік білім беру дегеніміз – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды жалпы білім үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай,

балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған жүйесі [1, 5, 7]. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оқытудың ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы Қазақстан Республикасының бірнеше заңнамаларында инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, олардың міндеттерін шешу көзделген. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – еліміздің ертеңі. Сондықтан да, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушылар сапалы білім алуына жағдай жасалу қамтамасыз етіледі. Арнайы қызмет түріне қажеттіліктерін анықтау барысында оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін шешу, баланың қызығушылығына басымдылық берудегі ізгілік қағидасы басшылыққа алынады. Аталған қағида әр баланың өзіндік қабілетін барынша дамытуына қажетті жағдай жасау керектігін білдіреді. Мектепте инклюзивтілік принцип негізінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар білім алады. «Мектеп бөріне ортақ» бағдарламасы әзірленіп, мектеп қабырғасында жүзеге асырылып келеді. Соның нәтижесінде балалар өз құрдастырымен оқуға мүмкіндігін сезініп, сынып ұжымында белсенді болып келеді. Бағдарлама аясында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуына толық жағдай жасалған. Инклюзивті сынып – жалпы орта білім беру мектебі жағдайында ЕБҚ бар балалардың бір сыныпта оқуына болатын білім беру үдерісін ұйымдастырудың бір формасы. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың аталған формасы жеке оқытуға қарағанда басымдау болып табылады [2, 4]. Инклюзивті сыныптарды құруда табысты инклюзивті білім берудің ішкі жағдайлары төмендегідей ескердік: - ата-аналардың баланы оқытуға ниет білдіруі, оқыту үдерісінде оларға көмектесуге дайындығы, тырысуы; - ЕБҚ бар балаға өзара көмек көрсетуге мүмкіндіктердің болуы; - инклюзивті сыныпта оқытуға баланың психологиялық дайындығы. Біздің мектепте инклюзивті сыныптардың артықшылықтары төмендегідей көрсетіледі: - ЕБҚ бар білім алушыларды мектеп қызметінің барлық саласына кіріктіру; - даму деңгейі қалыпты балалардың ЕБҚ бар балаларға толерантты көзқарасын қалыптастыру; - ЕБҚ бар балаларға қоғамның толеранттық көзқарасын қалыптастыру процесін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, ЕБҚ бар балалардың себептерінде анықтадық: нәсілдік, ата-бабасынан, ұрпақтан ұрпаққа, ген арқылы, туыстық некеден, некеге тұруда, медициналық тексеруден өтпеу салдарынан; әйелдердің жүктілік кезінде ішімдік пайдалануы; дәрілер ішуі, тамақтану мәдениеті-

нің төмендігі, қажетті гигиеналық талаптардың сақталмауы. Жеке адамның өзіне байланысты «жүре» шектеулі болып қалуы себептеріне медициналық құқық органдарының мәліметі бойынша жағдайға байланысты (құлау, зақым алу): жол көлік (велосипед, мотоцикл, ролик т.б), ойын (пиротехника, компьютер), ұялы телефон, құлаққапта зардаптары [3]. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында ЕБҚ бар балалардың сұраныстары мен қажеттіліктерін өтей алатын оқытуды ұйымдастыру мәселелері де шешуді қажет етіп оыр. ЕБҚ бар балалардың қоғамда өз орнын тауып, бейімделуі, қоғамның толыққанды азаматы болып қалыптасуы педагогтар үшін өте маңызды. Мектепте әр бала, соның ішінде ЕБҚ бар бала да мекеменің білім беру және әлеуметтік өміріне қатыса алатындай орта қалыптастыру керек, бұл баланың табысқа жетуіне, өзінің қауіпсіздігін және қатарластар ортасында өз маңыздылығын сезінуіне мүмкіндік береді. Мектепте сыныптарында білім алатын ЕБҚ бар балаларға қолдау көрсетудің тәжірибесі жинақталып балаларға білім беру кейбір ата-аналардың көңілінен шықпайды. Бар тәжірибені жүйелеп, ортаға салу арқылы ЕБҚ бар санаттағы балалар жалпы білім беру сыныбында оқытылып, қосымша жағдай жасалса, олардың оқытылуы мен әлеуметтену табыстылығы арта түсер еді. Бұл инклюзивті білім беру бағдарламасын құрып, инклюзивті сыныптарды ашуымызға түрткі болды. Біздің мектепте 1677 білім алушы оқиды. Оның ішінде 12 білім алушы инклюзивті сыныпта оқиды. Бұл мектеп оқушыларының 0,65%-ын ЕБҚ бар балаларды құрайды (Кесте 1).

Кесте 1. Жалпы мектеп оқушылары туралы мәлімет

Жалпы оқушылар саны	Инклюзивті оқитын оқушылар саны	Инклюзивті оқитын оқушылар		Психикалық дамуы тежелген	Тіл кемістігі
		Бастауыш сынып	Орта буын		
1677	12	7	5	11	1

Мектеп сыныптарында білім алатын ЕБҚ бар балаларға қолдау көрсетудің тәжірибесі жинақталып келеді. ЕБҚ бар оқушыларды оқытатын білім беру ұйымдары білім мазмұнының ерекшелігін және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып тіл мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері оқушылардың ауызша, жазбаша сөйлеу тіл кемшіліктерін ескере отырып, сөздердің дұрыс дыбысталу деңгейінің дамуына, сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағына, байланыстырып сөйлеу ерекшеліктеріне назар аударып, математика мен жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық әрекеті, эмоциялық-ерік саласындағы ерекшеліктерді ескерсе, адам және қоғам, білім беру саласына байланысты пәндерінің мұғалімдері балаларды

қоғамға бейімдеуде және олардың мінез-құлықтарын түзетуге жақсы, оңтайлы қарап, ЕБҚ бар балаларға көңіл бөлінсе, технология пәнінің мұғалімдері жеке тәсілдерді қолдану, жеңілдетілген тапсырмалар беру арқылы психикалық дамуы тежелген оқушылардың сенсорикасы (сезімталдығындағы) мен ұсақ моторикасындағы, танымдық әрекетіндегі ерекшеліктерін ескере отырып сабақ өткізеді. Түзету-дамыту бағдарламасының игеру деңгейінің нәтижесін бағалағанда баланың білім-білік дағдылары игеруге қажет танымдық қабілетінің қаншалықты қалыптасқандығына ғана емес, баланың игерген білімін берілген мәселеде өз бетімен қаншалықты қолдана алатынына көңіл бөлінеді [5, 6]. Әр оқушының үлгермеу себебін анықтап, ақыл-ой кемістігі бар баланың диагнозына қарай жұмыс жүргізсе, оқушының білімге деген құлшынысы артып өзіндік дарындылығы айқындалады. Оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орның, өз мамандығын табуға көп көмек болады. Әрбір педагог ұйымдастыратын әрекет, іс-шаралардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатын, алынған материалдарын игертіп қана қоймай, балаларға (экскурсия барысына есеп беру, әңгіме жазу немесе бір оқушының әрекеттерін сипаттау) т.б. тапсырмалар жүйесін дайындаса, бұл ЕБҚ бар балаларды өз ісіне, жұмысына, берілген тапсырмаларды орындауға 142 дағдыларын қалыптастырумен қатар, балаларға үлкен жауапкершілікті сезіне бастауға дайындап, жүктей бастайды. Баланың танымдық қабілетінің дамуына мүмкіндік жасау мен баланың өзіне деген сенімінің артуына, жетістіктерге бір қадам жақындауға жағдай жасайды. Жүсіпбек Аймауытов: «Мұғалімнің істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін», - деп тұжырымдауы өз мамандығын шексіз сүйе білген маман иесі ғана үздіксіз ізденіс пен асқан шыдамдылық, қажырлы еңбектің арқасында баланың біліміне, оның болашағына үлкен сәулесін түсіріп, бала өмірін дұрыс бағытқа бағыттары сөзсіз. Қорыта келе, ЕБҚ бар балаларды білім беру процесінде біртектілікпен оқытуда инклюзивті білім беруді жүзеге асырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика, - Алматы, 1992;
2. Жұмасова Қ. Психология, - Астана, 2006;
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, - Алматы, 2000;
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы. ҚР 2002 ж. №343 бұйрығы;
5. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010;
6. Әлеуметтік педагог // Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. 2010. №4.- Б.10-12;
7. Бала тәрбиесі // Ғылыми-әдістемелік журнал. 2013. №2. Б. 8-9.

Эмоционалды жанудың алдын алу

Г. ТОКСАНОВА

Мақсаты: Ұстаздардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру, өзін-өзі реттеу дағдыларын, өз психозэмоционалдық жағдайын басқаруын, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту, кез келген психологиялық жағдайға қарсы тұра білуге үйрету, әр уақытта дұрыс, әрі ұтымды шешім қабылдауға баулу

Эпиграф: *«Біз қартайғандықтан ойын ойнауды тоқтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан қартайамыз».* (Бернард Шоу)

Міндеттері:

- жағымсыз психозэмоционалды күйін реттеу дағдысын қалыптастыру;
- педагогтың тұлғалық және жағдайға сай қобалжуын төмендету;

Педагогтарды жағымсыз психозэмоционалды күйін реттеу тәсілдерімен таныстыру.

Қатысушылар: педагогтар тобы – 15-20 адам.

Көрнекілік құралдар: музыка аппараты, баяу әуенді диск, А4 қағаз, түрлі-түсті бояулар, түрлі боялған дөңді дақылдар.

Уақыты: 15-20 минут.

Барысы:

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, барлығымыз бірге айтамыз: «Мен сіздермен қауышқаныма ризамын!»

Тренинг ережесі:

1. Тыңдай білу;
2. Белсенді қатысу;
3. Сөзді бөлмеу;
4. Күлімсіреу;
5. Сын айтпау;
6. Уақытқа бағыну.

Психологиялық тренинг құрылымы:

I бөлім. Мини-лекция.

Кәсіптік жану синдромы: оны іске қосатын механизм тек сыртқы жағдайлармен ғана шартталмайды, сонымен бірге адамның жеке ерекшеліктерімен, мысалы, психологиялық икемінің болмауынан да ұйымдастырушылық, кәсіби күйзелістердің және жеке тұлғалық факторлардың құрамдасуы салдары ретінде дамиды. Педагог, тәрбиеші кәсіптері үнемі жан-тәнін сала күш және энергия жұмсауды талап етеді. Аталған кәсіп өкілдері біртіндеп эмоциялық қажу және құлазу – эмоциялық жану белгісіне ұшырайды.

Адамның «күйіп кетуі» өз дамуының бастапқы кезеңінде неғұрлым қауіпті. Педагог оның белгілерін мүлде сезінбейді, сондықтан оның мінез-құлқындағы өзгерістерді алғаш рет әріптестері байқайды.

«Күйіп кетуді» жеңу үшін педагогтар сабырлылықты (өз қызметі, жеке басы, маңайындағылар үшін жағымсыз әсерін тигізбейтін күйзеліс жағдайларын көтеруге мүмкіндік беретін белгілі бір жеке қасиеттерінің үйлесімін) дамытулары қажет.

Сабырлы адамдар кез келген өзгерістерге әрдайым дайын болады және оларды жеңіл қабылдайды. Олар дағдарыс жағдайларында қиындықтарды оп-оңай жеңіп шығады.

Сабырсыз адамдарға кез келген өзгерістерге бейімделу қиын, оларға өз мінез-құлықтарын, мақсаттарын, көзқарастарын өзгерту оңай емес. Егер бір нәрсе дұрыс болмай жатса, олар күйзелісті жағдайға түсе бастайды. Сабырлылыққа жаттығушы адамдар – олар өзгерістерге дайын, бірақ аяқ астынан болатын немесе күрделі өзгерістерге емес.

Бұл адамдарға қоршаған жағдайға біртіндеп, оқыс қимылсыз бейімделу тән, олай болмаған жағдайда, олар күйзеліске тез ұшырайды. Сабырлылықты тежеуші адамдар – сыртқы жағдайлардың әсерінен өзгере қоймайды, олар сенімді позиция мен өздік көзқарасқа ие. Алайда бұндай адам өмір саласының психиканы жаралайтын бір мәртелік қана өзгерісіне бара алады. Егер күйзеліс оның өмірінен үнемі орын алатын болса, ол абыржып қалады.

II бөлім.

Тренинг барысы: Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі өткізілетін психологиялық тренингке қош келіпсіздер! Бүгін сіздердің психикалық көңіл-күйлеріңізді көтеруге, өз бойларыңыздағы шығармашылық қабілеттеріңізді бағалай білуге, өз-өзіңізге құрметпен қарауға, бір-бірімізбен сыйластық қарым-қатынаста болуға арналған тренингке ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын.

Таңертең үйден шығар алдында айнаға қарап шыққан адам қол көтерсін. Ал, айнаға қарап күлімдеген адам қол көтерсін. Көріп тұрғанымыздай, күлімдеп шыққан адам аз. Сондықтан, құрметті әріптестер қазір жүзімізге күлкі ұялатып, бір-бірімізге күлімсіреп қарайық.

1. Сәлемдесу. «Шеңбер бойымен жалғасқан есім»

Қатысушылар шеңберде тұрып, басын иіп амандасып, бір-бірілеріне допты бере отырып, өздерінің есімін және өздерінің қызығушылық іс-әрекетін айтады.

2. Топқа бөлу. Түрлі- түсті тамшылар»

3. «Біз біргеміз» сергіту жаттығуы.

Мақсаты: ұжымдасып жұмыс жасауға бағыттау, ұйымшылдыққа, ымырашылыққа үйрету.

Нұсқау: Екі топқа бөлу. Бірінші топтың жұптарының сол-оң аяқтарын скотчпен орап, ал келесі екінші топ қатысушыларына допты бірлесіп таяқпен шелекке салу ұсынылады.

4. «Ал, қане, билейік!» би терапиясы.

Енді көңіл-күйлеріңізді көтеру мақсатында қазір барлығымыз орны-

мыздан тұрып, билейміз. Биіміз ерекше болады. Күлкі витамин, Серік Ибрагимовтің «Әсем әнін» тыңдайық. Ал, бастайық.

5. Жаттығу: «Ұстаз болу...»

Мақсаты: сенім атмосферасын құру, қатысушыларды топтық жұмысқа біріктіру, ауызбіршілік пен қолдауды сезіндіру.

Қатысушылар шеңбер бойымен отырып, «Ұстаз болу деген...»

Ұстаз болу бұл мен үшін...

Бізді біріктіретін нәрсе....

Ұстаз болу үшін бойымызда қандай адами қасиеттер болуы қажет?...

сөйлемді аяқтап, өз ойын айтады. (Өз мамандықтары туралы пікірін айту)

6. Болжам-ойын «Менің бейнем»

Мақсаты: қатысушылардың өзіндік бейнелері туралы психологиялық мінездеме беруді негізге алады.

Нұсқау: қатысушылар слайд арқылы көрсетілген бейнелерден біреуін ойша таңдайды. Негізгі 5 бейне көрсетіледі: қоян, жолбарыс, сиыр, құс, тасбақа. Таңдалған бейне бойынша оларға психологиялық мағлұмат беріледі. Бұл мағлұмат олардың жеке тұлғалық-мінездік ерекшеліктерін, болашағына деген сенімділігін нығайтуды қамтамасыз етеді.

Бейне түрінде берілген психологиялық мінездемелер:

Құс – бейне: Сіздің мінез-құлқыңыз айналаңыздағы адамдарға тәуелді. Өйткені, сізге өз ортаңыз қатты әсер етеді. Сіз эмоционалды жансыз, себебі сіз барлығын көңіліңізге тікелей қабылдайсыз. Өз көңіл-күйіңізді тиімді пайдалануға ұмтылыңыз. Және сізде эгоизмдік қасиет бар. Сіз өзіңіздің бұл қасиетіңізді жоюға тырыссаңыз жақсыға ұмтылуға мол мүмкіндігіңіз бар.

Сиыр – бейне: Сіз әрқашан өз стиліңізді табуға ниеттенесіз. Соған орай, ортадағылар сізді қолдап, әрқашан сізді түсініп отырады. Сіз өзіңіздің еркіңіздің сипатына қарай қызық әрі нақты жұмыстарды жасай білесіз. Яғни бұл өзіңіздің еркіңізге күш салатындығыңызды көрсетеді. Және, сіздің мінезіңіз жағымды, барлық адамдар сізді жақсы жылы қабылдайды. Сондықтан сізде жағымды жаңалықтар көп болады.

Тасбақа – бейне: Сіз өзіңізге, ішке сезіміңізге үлкен жауапкершілікпен қарайсыз. Сіз өмірде, әртүрлі жағдайда өзіңіздің пікірлеріңіз бен көзқарастарыңызға дұрыс баға бересіз. Және әрқашан қатынаста тиімді жол таба білесіз. Егер сізде қиындық тап болса, сіз ол үшін көп әрекеттенесіз, яғни жағымсыздықтан тез арылуға тырысасыз. Себебі, сіз жағымсыздық әсерінен өз көңіл-күйіңізді реттей алмай қаласыз. Алға шынайы ниетпен талпынсаңыз, сіз де жақсы нәтижеге қол жеткізесіз.

Қоян – бейне: Сізге өз көзқарастарыңыз бен принциптеріңізден бас тарту кейде қиынға соғады. Бірақ, сіз өз-өзіңізге тым сенімді емессіз. Демек, сізге ортада өзіңіздің батылдығыңыз керек. Осыған қарап, сіз ерік күшіңізді көп жұмсамайтындығыңызды аңғаруға болады. Ендеше

сіз ерік күшіңізді пайдалана біліңіз. Ол сізге өзіңізді танытуға мүмкіндік береді. Табыстарға көп жетесіз.

Жолбарыс – бейне: Сіз өте белсенді адамсыз, сонымен бірге сіз ортада және басқа жерлерде сыйлысыз. Сізбен қатынаста болған адамдар сізді әрдайым жоғары бағалайды. Сіз айналаңыздағылар бір-бірімен дұрыс келісімге келсе және бір-бірін дұрыс түсінсе, сізге қолдау көрсетсе бақытқа жетуге болады деген ойға келесіз. Және сіз әрқашан бақытты өмір сүруге талпынасыз. Сондықтан сізде сәттіліктер көп болады.

7. «Суретті-болжам» арт-терапия.

Нұсқау: ақ параққа өз ойларынан сурет салады.

Көрнекілік құралдар: музыка аппараты, баяу әуенді диск, А4 қағаз, түрлі-түсті бояулар, түрлі боялған дөңді дақылдар.

Мақсаты: қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу, жай-күйін анықтау.

8. «Кәсіби жанған педагог кейпі» сурет (музыка құстар сайрауы)

- Құрметті мұғалімдер, қазір сіздерге 2 топқа боліну қажет. Адамның қарым-қатынасы оның көңіл-күйінен білінеді, көңіл-күй адамның ішкі дүниесінің құбылысы. Олай болса, көңіл-күйімізді біліп алайық: қолымыздағы адамның суретіне назар аударайық. Алдарыңызда жатқан адам бейнесін фломастермен кәсіби жанып кеткен адамның суретін саласыздар. Оның іштей күйіп, шаршағанын сөзбен емес сурет арқылы жеткізесіздер. Ал, бір бірден суретті көрсетейік. Не көріп тұрсыздар? Эмоционалдық көңіл күйі қандай?

Енді 2 топ өз салған суреттермен алмасып, эмоциялық күйген адамның суретін жандандырып, енді осы алдымыздағы суретке жақсы көңіл-күйді сыйлап, көңілді-күйдегі адамның образын сомдап салуымыз керек.

- Жағымды сөздер арқылы немесе позитивті суреттер арқылы адамды күйзелістен алып шығасыздар.

- Енді құрметті мұғалімдер осындай негативті жағдайдан, эмоционалдық күюден шығу үшін қандай кеңес жаттығулар жасауға болады.

Сұрақтар:

- Бұл суретті толықтырып, көңілді адамның кейпін салу қиындық туырды ма?

- Көңіл-күйі жақсы мұғалімнің образын сәтті шығаруыңызға не себеп болды?

- Өзіңіздің көңіл-күйіңізге әсер етті ме?

9. Топпен жұмыс. Рөлдік ойын «Педситуация». Әр топ өз тәжірибесінде болған бір ситуацияны сахналайды, қалған топтар оның шешімін айтуы керек. Сосын шешімдер салыстырылады.

Педагогикалық жағдаят №1. Оқушы сабақтан кейін мұғалімге келіп, сабақ беру әдіс-тәсілдерінің ұнамайтындығын, мұғалімнің ауысуын талап ететіндігін мәлімдейді. Мұғалімнің әрекеті қандай болу керек?

1. Оқушымен келісіп, сабақ беру тәсілін өзгертеді;

2. Оқушы пікірінің қажет еместігін айтады;
3. Оқушы материалын оқушымен бірге талқылап, оқушыға нақты не ұнамайтындығын анықтайды;
4. Ата-анасын мектепке шақыртады;
5. Жұмыстан шығып кетеді;
6. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №2. Сіз сынып жетекшісі болып жұмыс жасайсыз. Сыныптағы бір оқушы тарих пәні сабағына қатысқысы келмейтінің, пән оқытушысымен қарым-қатынасының бұзылғанын, мұғалімнің мұның бағасын үнемі төмендетіп қоятынын мәлімдейді.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Оқушыға оның қателесетіндігін айтасыз. Жақсылап сабаққа дайындалып келуіне, пән мұғаліміне тіл тигізбеуіне және тәуір баға алатынына көзін жеткізесіз;
2. Пән мұғалімімен әңгімелесесіз. Себебін анықтайсыз;
3. Пән мұғаліміне тіл тигізгені үшін оқушыға дауыс көтеріп ұрсасыз;
4. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №3. Жаңа тақырып түсіндіру барысында мұғалім Ахмет деген оқушының сабақты тыңдамай, зейін қоймай және өзгелерге кедергі жасап отырғанын байқады. Ол ескертулерді елемеді.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Оны тақтаға шақыру;
2. Күнделігіне «екі» қою;
3. Басқа партаға отырғызу;
4. Өз бетінше орындауға тапсырма беру;
5. Мән бермеу;
6. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №4. Арман үнемі үй тапсырмасын орындамай келеді. Мұғалім неге дайындалмағанын сұрағанда, ол жылап жіберді.

Сіздің әрекетіңіз:

1. Оқушымен сөйлесіп, себебін анықтаймын;
2. Арманның достарымен сөйлесіп, себебін анықтаймын;
3. Ата-анасымен кездесіп, сөйлесемін;
4. Үй тапсырмасын орындауға Арманға көмектесемін;
5. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №5. Сіздің сыныбыңыздағы бір баланың өмірлік ұстанымы өзгеше. Төбелеседі, жаман сөздер айтады, дөрекі мінез көрсетеді және күш қолданады. Сіздің ескертулеріңізге, талаптарыңызға былай жауап берді: «Менің әкем ылғи да осылай жасайды».

Сіздің әрекетіңіз?

1. Ата-анасымен сөйлесіп, жағдайды түзеуге тырысамын;
2. Өзге балалармен сөйлесіп, оның «жазасын» беруді сұраймын;
3. Оған кім қожайын екенін дәлелдеп, бетпе-бет сөйлесемін;
4. Жеке әңгіме өткізіп, бала тәртібінің себептерін анықтаймын;
5. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

Педагогикалық жағдаят №6. Мұғалім өте жақсы оқитын қызға «екі» қойды. Мұның себебі – өзге дайындалмаған сыныптастарын қолдау мақсатында жауап беруден бас тартты. Ашулы әкесі мектепке келіп, өзінің наразылығын танытты және мұғалімнің түсініктемесін талап етті. Мұғалім не істеуі тиіс?

1. Сіз оқушының ата-анасымен сөйлесуден бас тартасыз, өйткені сіз өзіңіз ашулысыз;
2. Оқушының ата-анасына бұл екілік бағаның оның жалпы үлгеріміне әсер етпейтінін түсіндіресіз;
3. Дау-дамайды шешуге тырысасыз;
4. Екі-жақты мәмілеге келу;
5. Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Таңдап алған жауабыңыздың нұсқасын негіздеңіз.

10. Сергіту-жаттығуы «Ән айтайық»

11. Кеңес жаднамалары, Аффирмация.

Жұмыс аптасының басында стреске шалдығуға еш болмайды. Егер сондай жағдай орын алып, жұмыстан жалығып, шаршап қалсаңыз, 5 минутта стрестен арылудың 5 жолымен таныс болыңыздар.

1. Серуендеп келіңіз. Мүмкіндік болса, таза ауаға шығып, серуендеп келіңіз. Жұмыс уақытында кеңсеңізден шығуға болмаса, кеңсеңіздің ішін аралап қайтыңыз. Басқа қабаттағы әріптесіңізге, бұрыштағы ешкім отырмайтын бөлмелерге соғып келіңіз. Бастысы орныңыздан тұрып, компьютерден бірнеше минутқа болса да демалыңыз. Осы уақытта ойыңыз жинақталып, жұмысқа жаңа қарқынмен кірісе аласыз;

2. Кітап оқыңыз. Кітап оқу – көңілді басқа нәрсеге аударып, сәтсіздіктерді ұмытудың бірден-бір жолы. Ертегі, шытырман оқиғаға толы әңгімелер осы жағдайға дәл келеді. Бастысы кітап оқу арқылы ойыңыз басқа жерге ауысып, қиындықтарыңыз алыс жерде қалуы керек. 5 минуттық кітап терапиясынан кейін өзіңізді әлдеқайда жақсы сезінесіз;

3. Қызықты бейнебаян қараңыз. Жұмыстан 5 минутқа демалып, ғаламтордан қызықты, күлкілі бейнебаян тауып қараңыз. Стресс осындай дауадан кейін өзімен-өзі жоғалып кетпек;

4. Шай ішіңіз. Кофе емес, шай! Кеңсеңізде емдік шөпті шай болса, тіптен жақсы. Шай қайнатқанша, сергітіп, тыныштандыратын дәрілік шайдың әсерінен де біраз демалып қаласыз;

5. Терең демалыңыз. Қиындық жайлы ойланып, уайымдап отырған-

да, тынысыңыз жиілеп, ағзаңызға ауа жетіспейді. Сол себепті тынысыңызды дұрыстауға тырысыңыз. Кеудемен емес, ішпен дем алып көріңіз. Дәрігерлердің айтуынша, осындай тыныс жаттығулары кез келген ауруды тез арада басып, ағзаның жұмысын жақсартады. Ал денесі саудың көңілі де жайлы болады емес пе?

Аффирмация – (өзін-өзі сендіру, ойды бекіту сөздері болып табылады).

- Мен табысқа жететініме толық сенімдімін, менің үнемі жолым болады.

- Әр бір күн, әр бір сағат сайын менің өмірім жақсарып барады.
- Жақсылық, дұрыс таңдау және амандық үнемі менің қасымда.
- Мен қандай болсам, өзімді сол қалпымда жақсы көремін.
- Менің қабілетім әр күн сайын жақсаруда.
- Өзіме деген сенімділік үнемі менің жадымда.

12. Қорытынды: Алған әсеріңіз қандай?

Қорытынды: Тренингке қатысушыларға стикер беріледі. Бір-бірлеріне, мектебімізге ыстық тілектерін және бүгінгі тренинг туралы ойларын, қандай көңіл-күйде болғандарын, тренингтен алған әсерлерін жазып, ағашқа жабыстырады. Сөйлем басы «Бүгін мен...» немесе «Бүгін маған» - деп басталады. Барлығы жазып болғасын жазылған тілекті оқиды. Қағазды жыртпай, мектепке естелікке қалдырады.

Қатысушылар бір-бірлеріне тілеген тілектері орындалсын деп қошемет көрсетіп (қол соғып) тренингті аяқтайды. Назарларыңызға рахмет!

Эмоционалдық жайлылық білім беру ортасы қауіпсіздігінің компоненті ретінде

Л. БАЯНОВА

Мақсаты: тыңдаушыларды эмоционалды қарым-қатынас жайымен таныстыру және түрлі қарым-қатынас жағдайларында жағымды эмоционалды байланыс орнату дағдыларын қалыптастыру.

Құрал-жабдықтар: суреттер, сауалнама.

Қолданылған әдіс тәсілдер: бұрыштар әдісі, топтастыру.

Ұйымдастыру бөлімі.

Ұжымдық жұмыс. *Ширату. «Бұрыштар» белсенді әдіс.*

1-бұрышта IQ; 2-бұрышта EQ; 3-бұрышта VQ.

Мұғалім: Қазіргі заманда адамның кез келген күрделі жағдайларды жеңе білу қабілетіне әсер ететін үш негізгі психологиялық сипат бар. Осы үш сипатты бұрыштар әдісі арқылы анықтап алуды көздеп отырмын.

Сұрақтар:

1. Адамдардың тез қабылдағыштығы мен ақылдылығына берілетін баға. Оны арнайы жасалған тест арқылы, қарапайым адамдардың ойлауы мен ақылдылығына қарап салыстыра анықтайды?



Қосымша ақпарат – IQ жоғары адамдар беделді қызметтерде істейді және мансапта табысқа жету пайызы жоғары. Мұның басты себебі, IQ деңгейінің жоғарылығы адамға жаңа мәселелерді тезірек үйренуге және шешуге көмектеседі;

2. Эмоционалды интеллект деп қарапайым қазақи тілмен айтқанда, адамның мінезі немесе адамның өз сезімдерін басқара алуы.

Қосымша ақпарат – **Өзіндік сана-сезім.** Бұл адамның өз эмоцияларын тани білу, талдай алу және оларды дұрыс талқылау қабілеті. **Өзін-өзі ұстау.** Әсіресе, өте қиын жағдайда эмоциялық теңгерімін сақтай алуы.

Әлеуметтік сана. Басқаша айтқанда, бұл – айналаңдағы адамдарды түсіне білу. Оларға эмоциялық жағдайын ескере отырып, маңындағылармен өзара әрекеттесу және байланыс құру қабілеті;



3. **Адамның өмірлік күш-қуатының өлшемі?**

Қосымша ақпарат – Адамның өмір сүруге деген құштарлығы, мінез-құлқы, айналасындағы адамдарға әсері, өзіндік энергиясы – күш-қуат интелектісімен өлшенеді. Бұл түсінікті ғылымға француз психологы Пьер Касс енгізген. VQ – қозғаушы күш, адам өмірінің стимуляторы. Адамдардың шыдамдылығы, әсіресе, бір жұмысты ұзақ уақыт бойы сақтап қалуға және өз мүмкіндіктерін ешқандай қиындыққа қарамай пайдалануға ұмтылу қабілеті. Бір сөзбен айтқанда, VQ – өмір сүруге деген ұмтылыс. VQ жоғары адамның физикалық, интеллектуалды және тіпті эмоциялық қуаты мықты болады.

Мұғалім: IQ, EQ және VQ деңгейлері әр адамда бар табиғи қасиеттер болып табылады, алайда сіз оларды дамыту өз қолыңызда екенін ескеріңіз. Сіз үнемі жаңа білім алуға қызығушылық танытасыз ба, әлде адамдармен қарым-қатынас жасауға бейімсіз бе, сіз оларға әсер ете аласыз ба, сізде өмірлік күш-қуат бар ма, адамдарға басшылық жасай аласыз ба және ең бастысы айтылған үш интелектіні қаншалықты теңдестіре алатыныңыз туралы ойланып көріңіз. Өз-өзіңізді түсіне алсаңыз, көп жақты ойлану арқылы өзіңіздің қабілеттеріңізді дамытып, әлеуетіңізді

арттыра аласыз, осылай өмірде де, мансапта да биік жетістікке жете аласыз. Есте сақтайтын нәрсе, өзіңіз сүйетін іспен шұғылданыңыз маңызды, ол сіздің ақыл-ой мен өмірлік энергияңызды арттырады.

Бүгінгі жұмыстың тақырыбы: «Эмоционалдық жайлылық білім беру ортасы қауіпсіздігінің компоненті ретінде».

Топтастыру.

Жаттығудың мақсаты: тренингтің бағытына және ырғағына ену, топтасу.

Іс-әрекет: Карточкада берілген бейнеге сәйкес іс-қимыл жасап, өз тобын тауып, бірігу.

I топ: таңқалу;

II топ: қорқу;

III топ: махаббат.



Топтық жұмыс.

I топ: Музыканы боя


Музыка эмоцияны қозғау қабілетіне ие, бекер емес, әр түрлі патологияны емдеу ретінде музыкалық терапия көбірек қолданылады. Екінші жағынан, сурет салу және сурет салу – бұл балалардың эмоцияларын білдіретін әдіс. Екі пәнге қосыла отырып, сіз балаңызды үйренуге баулисыз **музыканың сізге беретін барлық суреттерін салыңыз**. Бұл балалардың эмоционалды интеллектімен жұмыс істеуге арналған тамаша жаттығу. Қағаз және әр түрлі музыкалық стильдер дайындаңыз, ырғақты, әуенді және музыкалық стильді өзгертіңіз. Кішкентай бүлдіршіндерге естіген әнін сезіндіретін барлық нәрсені қағазға салуға тура келеді. Осы ақпарат арқылы, **сіз балаларыңыздың жеке басы туралы көбірек біле аласыз**.

II топ: Эмоциялардың доминосы

Топ мүшелері берілген карталарды тең бөліп алады. Кім ойын бастайтынын өзара анықтап алады. **Әр түрлі эмоцияны бейнелейтін суреттерді** ретімен сәйкестендіріп, қойып отырасыз. Бұл ойын сіздің көңіл күйіңізді көтереді. Жағымды орта туғызады. Кімнің қолында карта тез бітсе, сол жеңімпаз деп анықтауға болады.

III топ: Жеке эмоциялар

Тым үлкен емес екі контейнер қажет болады. Өздерін бақытты сезінетін жағдайларды бейнелейтін суреттерді бірінші контейнерге салуды және оларды қайғыға батыратын суреттерді екінші контейнерге салуды сұраңыз. Алдымен сіз мән-жайды анықтап, содан кейін оны талқылауыңыз керек. Кейбіреулер **қоюға болатын сұрақтар** пікірсайысты құру:



- Неліктен бұл жағдай **сізді бақытты сезінуге мәжбүр етеді?**



- Сіз осындай жағдайды бастан өткердіңіз бе, әлде **қорқасың ба? Не болуы мүмкін?**



- Ана мен әкем бұл қайғы-мұңды бақытқа айналдыру үшін не істей алады?



- **Бұл жағдайды қалай өзгерте алдық деп ойлайсыз** мұның орнына сіз бақытты сезінесіз бе?



Ең бастысы - бұл **ойынға бүкіл отбасын тарту** эмоционалды интеллектті дамыту. Осылайша, балалар ғана емес, бүкіл отбасы пайда көреді.

Жеке жұмыс. «Жүйке жүйеңіздің күйі»

№	Сұрақтар	Жоқ	Сирек	Иә	Жиі
1	Сіз жиі тітіркеніп, қобалжисыз ба?	0	3	5	10
2	Сізде жүрек соғысы жиі бола ма?	0	3	2	6
3	Сіз жиі тез шаршайсыз ба?	0	2	4	8
4	Сіз шуға, сыбдырға немесе жарыққа жоғары сезімталдықпен ауырасыз ба?	0	2	4	8
5	Сізде кенеттен көңіл-күй өзгереді, қанағаттанбау сезімі бар ма?	0	2	3	6
6	Сіз мазасыз ұйықтайсыз ба, жиі оянасыз ба?	0	2	4	8
7	Сіз ұйқысыздықтан зардап шегесіз бе?	0	2	3	6
8	Сіз еріксіз терлеуден зардап шегесіз бе?	0	2	3	6
9	Сіздің бұлшық еттеріңіз жансыз ба?	0	2	4	8
10	Сізде әдеттен тыс қытықтау, буындарыңыздың жиырылуы сезіліп жатыр ма?	0	2	3	6
11	Сіз ұмытшақтықпен ауырасыз ба, жиі зейінді шоғырландыра алмайсыз ба?	0	2	4	8
12	Сіз түсініксіз мазасыздықтан зардап шегесіз бе?	0	2	3	6
13	Сізге жұмысыңызда әрқашан «жоғарғыда» болу керек пе?	0	2	4	8
14	Көңіл-күйіңіз жиі бола ма?	0	2	4	8
15	Сіз тез ашуланшақсыз ба?	0	2	4	8
16	Сіз өзіңізде қиындықты сақтайсыз ба?	0	2	4	8

17	Өзіңізге және айналаңыздағы әлемге көңіліңіз толмай ма?	0	2	4	8
18	Сіз темекі тартасыз ба?	0	2	5	10
19	Сіз қорқыныштан зардап шегесіз бе?	0	2	4	8
20	Таза ауада қозғала алмайсыз ба?	0	2	4	8
21	Сақтау, жан тыныштығын табу қабілетіңіз жетіспейді ме?	0	2	4	8

Өзіңізді тексеріңіз

0-25 ұпай: бұл сома сізді алаңдатпауы мүмкін. Дегенмен, денеңіздің сигналдарына әлі де назар аударыңыз, нүктелердің әлсіз жерлерін жоюға тырысыңыз.

26-45 ұпай: бұл жағдайда алаңдауға негіз жоқ. Дегенмен, ескерту белгілерін елеменіз. Өзіңіз үшін не істей алатыныңызды ойлаңыз.

40-60 ұпай: жүйке жүйеңіз әлсірейді. Денсаулық өмір салтын өзгертуді қажет етеді. Сұрақтар мен жауаптарды талдау. Осылайша сіз қажетті өзгерістердің бағытын табасыз.

60 ұпайдан жоғары: жүйкелеріңіз қатты таусылған. Шұғыл әрекет қажет. Міндетті түрде дәрігерге көрініңіз.

Қорытындылау

Толыққанды өмір сүру үшін алдымен не маңызды екенін түсінуіңіз керек. Дұрыс бағытты өзіңіз таңдайсыз: адалдық, мейірімділік, өзіңізге және басқаларға деген құрмет, т.с.с. Эмоционалды энергияңызды осы құндылықтарға бағыттаңыз. Ақыры соңында жеке басылымдылықтарды анықтай білу эмоционалды интеллектуалды адамдардың басты белгісі болып табылады. Эмоционалдық жайлылық білім беру ортасының қауіпсіздік компоненті.

Рефлексия «Ауызша анкета»

Шеңбер бойынша қатысушылар келесідей сұрақтарға жауап береді:

- Осы тренингте сезіміңізде орын алған сәттер болды ма?

- Сізге не ұнады?

- Қазір сіздің көңіл-күйіңіз қандай? Ешкімнің көңіл-күйі түскен жоқ па?

Бәрі жақсы ма?

Назарларыңыз үшін үлкен рахмет!

Взаимопомощь и выход из сложных ситуаций

Ж.К. ДОСЫМАНОВА

Цель: определение положительных моментов в совместном решении возникающих проблем.

Задачи:

1. Организовать условия, способствующие развитию навыков помощи себе и другим в сложной ситуации;
2. Диагностировать самопринятие, выявить стратегии поведения в сложных ситуациях;
3. Расширить количество конструктивных способов совладающего поведения в сложных жизненных ситуациях.

Оборудование: листы формата А4, бланки опросника.

Предварительная подготовка к проведению занятия

- В ходе проведения занятия необходимо придерживаться краткости и четкости в изложении материала. Обратит внимание на готовность к занятию воспитанников;
- В ходе игры «Выйди из круга» ведущий может показать участникам, что одним из лучших способов выхода из круга является искренняя просьба лично к тому, кто может тебя услышать. Для этого необходимо действительно довериться себе тому, кто перед тобой;
- При выполнении упражнения «Проблема» участники самостоятельно разрабатывают алгоритм разрешения проблем. Ведущий предлагает свой вариант алгоритма;
- В ходе упражнения «Поиск решения» ведущий подводит воспитанников к выводу, что очень важно уметь найти ценное в любой ситуации, в своем опыте переживания, взаимодействия и взять из этого опыта лучшее для саморазвития.

Методическое обеспечение занятия.

Теоретические материалы

Теоретическая часть «Основные техники и приемы совладания в сложных ситуациях. Алгоритм разрешения проблемы»

